

Білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлері бойынша мемлекеттік аккредитациялауға арналған көрсеткіштерді бағалау тізбесі мен өлшемдерін және Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудан өткізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 23 шілдедегі N 602 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1599. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 5 наурыздағы N 109 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008.03.05 N 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

"Білім туралы" Z990389_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына және "Білім ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялау ережесін бекіту туралы" P010976_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 976 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) білім беру ұйымдарының үлгісі және түрі бойынша мемлекеттік аккредитациялауға арналған көрсеткіштерді бағалау өлшемдерінің тізбесі;
- 2) білім беру ұйымдарында мемлекеттік аккредитациялаудан өткізудің тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Мониторинг және бақылау департаменті (Ж.М. Әділов):

- 1) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге ұсынсын;
- 2) бекітілген өлшемдік құқықтық құжаттарды білім беру ұйымдарының басшыларының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-Министр Б.Т. Жұмағұловқа жүктелсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

бекітілген

**Кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік
білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру
ұйымдарында мемлекеттік аккредитациялауды
жүргізу тәртібі туралы
нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аккредитациялауды жүргізу тәртібі туралы осы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Білім ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялау ережесін бекіту туралы" P010976_ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 976 қаулысына сәйкес жасалған.

2. Нұсқаулық кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымын (бұдан әрі - білім беру ұйымы) мемлекеттік аккредитациялауды (бұдан әрі - Аккредитация) жүргізудің бірыңғай талабын белгілейді.

3. Аккредитациядан білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясына сәйкес білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары өтеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған халықаралық және шетелдік білім беру ұйымдары мен олардың филиалдары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына қойылатын шарттар және тәртіппен мемлекеттік аккредитациядан өтеді.

5. Аккредитациялауды және аккредитацияланған білім беру ұйымдарының тізімдерін жасауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мониторинг және бақылау департаменті арқылы (бұдан әрі - Департамент) білім беру ұйымдарының үлгісі (жоғары оқу орны) мен түрі бойынша (университет, академия, институт) министрлік бекіткен аккредитациялаудың бағалау көрсеткіштерінің тізбесі мен өлшемдері және мемлекеттік аттестациялаудың нәтижесі бойынша жүзеге асырады.

6. Министрлік білім беру ұйымдарын аккредитациялауда аккредитация туралы куәлік беру, беруден бас тарту мәселелерін алқа алдында жариялы түрде қарау үшін құрамына мемлекеттік органдардың және мемлекеттік білім беру ұйымдарының өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары кіретін аккредитациялық орган консультативті-кеңесші-білім беру ұйымдарын аккредитациялау жөніндегі кеңесін (бұдан әрі - Кеңес) құра алады.

2. Аккредитациялауды жүргізудің тәртібі

7. Білім беру ұйымдары аккредитация өту үшін Министрлікке мына қ ұ ж а т т а р д ы :

- 1) министрлік бекіткен нысандағы өтініші (1-қосымша);
- 2) білім беру қызметін жүргізу құқығының лицензиясының көшірмесі;
- 3) мемлекеттік аттестацияның нәтижесі туралы қорытынды;
- 4) білім беру ұйымдарының қызметін кешенді бағалау үшін ақпаратты (2-қосымша) тапсырады.

8. Департамент олардағы көрсетілген ақпараттардың дұрыстығын және ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді.

Департамент кеңеспен бірлесе отырып қажеті болған жағдайларда білім беру ұйымдарының берген құжаттарындағы көрсетілген ақпараттардың дұрыстығын тексеру үшін білім беру мекемесіне сарапшыларды және (немесе) кеңестің мүшелерін жібере алады.

9. Департамент білім беру ұйымы ұсынған құжаттарды оның толықтығы мен ақпараттардың дұрыстығын тексергеннен кейін кеңес мүшелерінің немесе сарапшылардың жүргізген тексеру жұмыстары бойынша анықтамаларды (актілерді) кеңеске ұсынады.

10. Білім беру ұйымдарының тапсырған құжаттары мен тексеру материалдарының негізінде аккредитациялық кеңес мынадай ұсыныстар қабылдайды:

- білім беру ұйымын аккредитациялайды;
- білім беру ұйымын аккредитациялаудан бас тартады.

Департаменттің ұсынған құжаттарын жариялы түрде қарау үшін кеңестің отырысын бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ аккредитацияланған білім беру ұйымдарының өкілдерін шақыру арқылы өткізуге болады.

11. Кеңес мемлекеттік аккредитациялау туралы куәлік беру немесе беруден бас тарту жөніндегі ұсынысын Департаментке береді.

Аккредитациялау туралы шешім министрліктің бұйрығымен бекітіледі, оның негізінде 5 жыл мерзімге білім беру ұйымына аккредитациялау туралы куәлік (бұдан әрі - Куәлік) беріледі.

Куәлік бланкісі мен оның қосымшасының нысаны Министрлікпен бекітіледі.

12. Департаменттің білім беру ұйымдарының құжаттарын қарау және Министрліктің шешім қабылдау мерзімі үш айдан аспауы керек.

13. Куәлік немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешім білім беру ұйымдарына тиісті шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімінде беріледі.

Куәлік белгілі бір мерзімге білім беру ұйымының үлгісі (жоғары білім), түрі (университет, академия, институт) бойынша мәртебесін, белгілі мамандықтар

тізбесі бойынша олардың түлектерінің білім деңгейі (сатысы) және (немесе) біліктілігі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беру құқығын көрсететін ресми мемлекеттік құжат болып табылады.

Куәліктің көшірмесі аккредитациялық органда сақталады.

14. Куәлік төмендегі жағдайларды сақтағанда:

1) Осы нұсқаулықтың 7-тармағына сәйкес барлық құжаттарды толық тапсырғанда және ол құжаттардағы көрсетілген мәліметтер дұрыс болғанда;

2) құрылтайшылардың құжатында көрсетілген білім беру ұйымының үлгісі білім беру ұйымының аккредитациялау үшін негізгі бағалау көрсеткіштерінің тізбесі мен өлшемдері университет, академия және институт үлгісіне және түріне сәйкес келгенде;

3) осы оқу орнындағы мамандар даярлауды жүзеге асыратын барлық мамандықтар бойынша оқу орнының, барлық ғылыми мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау комиссиясының "аттестатталсын" деген шешімі болғанда мемлекеттік аккредитация туралы куәлік беріледі.

15. Куәлік беруден мына жағдайларда:

1) осы нұсқаулықтың 7-тармағына сәйкес талап етілген құжаттардың барлығы толық тапсырылмаса немесе құжаттардағы көрсетілген мәліметтер дұрыс болмағанда;

2) университет, академия және институт түріндегі білім беру ұйымының аккредитациялау үшін негізгі көрсеткіштерінің өтініш берген құрылтайшылардың құжаттарындағы білім беру ұйымының үлгісіне және түріне сәйкес келмегенде;

3) осы білім беру ұйымдарында мамандар даярлауды жүзеге асыратын мамандықтар бойынша кәсіптік жоғары білім ұйымын (немесе) ғылыми мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім ұйымын мемлекеттік аттестаттау комиссиясының "аттестатталмасын" деген шешімі болса куәлік беруден бас тарту мүмкін.

Білім беру ұйымы көрсетілген кемшіліктерді жойған жағдайда аккредитациялау туралы өтініші жалпы негізде қаралады.

3. Куәліктің қолдану әрекетін тоқтата тұру және кері қайтарып алу

16. Білім беру ұйымын қайта ұйымдастыру немесе ол жабылған жағдайда (қосылып кету, бірігу, бөліну, жеке шығу), құрылымның құқықтық нысаны өзгергенде Министрліктің бұйрығымен күші жойылды деп танылады, ол туралы аккредитацияланған білім беру ұйымдарының тізбесіне тиісті жазба жасалады.

Куәліктің күші бар кезде білім беру ұйымын жою немесе қайта ұйымдастыру жүргізілгені туралы ол Министрлікке тиісті ақпараттар беруге және қайта

ұйымдастыруға немесе жоюға шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде аккредитациялау туралы куәлікті қайтаруға міндетті.

17. Мына жағдайларда :

1) құрылтайшы (құрылтайшылар) немесе құрылтайшының өкілеттілігін жүзеге асыратын орган тиісті өтініш бергенде;

2) білім қызметін жүргізу құқығының лицензиясының қолданылу әрекеті тоқтатыла тұрса немесе ол кері қайтарып алынса Министрлік өзінің бұйрығымен куәліктің қосымшасында көрсетілген барлық немесе жекелеген кәсіптік жоғары және (немесе) ғылыми мамандықтар бойынша берген куәлігінің қолданылу әрекетін тоқтата тұрады және күшін жоя алады (білім бері ұйымын аккредитациялаудан айырады).

18. Аккредитация туралы куәлік алған немесе куәлігі кері қайтарылып алынған білім ұйымдары туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

19. Аккредитациялау туралы куәлікті кері қайтарып алу білім беру ұйымдарының түлектеріне білім деңгейі (сатысы) және (немесе) біліктілігі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беру құқығын тоқтатады.

20. Куәліктің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан мән-жайлардың өзгеруіне байланысты кеңестің ұсынымы негізінде Министрліктің бұйрығымен қайта жандандырылады.

21. Білім беру ұйымының куәлігі жоғалған жағдайда білім беру ұйымының өтінішінің негізінде аккредитациялау туралы куәліктің төлқұжаты беріледі.

Министрліктің тиісті шешімі білім беру ұйымдарына, құрылтайшының (құрылтайшылардың) назарына шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде жеткізіледі.

22. Білім беру ұйымы аккредитациялау туралы немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында мемлекеттік аккредитациялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтың

1-қосымшасы

**Мемлекеттік аккредитациялау үшін
білім беру ұйымының өтінішінің нысаны**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ӨТІНІШ

білім беру ұйымының толық атауы

білім беру ұйымының заңды мекен-жайы, телефондары
төмендегі мамандықтар бойынша:

1 .
2 .
3 .
4 .
5 .
6 .

_____ жылы мемлекеттік аккредитация жүргізуді сұраймын

Ө т і н і ш к е қ о с ы м ш а :

- 1) білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясының көшірмесі;
- 2) мемлекеттік аттестаттаудың нәтижесі туралы қорытынды;
- 3) білім беру ұйымының қызметін кешенді бағалау үшін ақпарат.

Б і л і м б е р у

ұйымының басшысы _____

(тегі, аты-жөні)

(қолы)

МО

Кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында мемлекеттік аккредитациялауды жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтың

2-қосымшасы

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Ж о ғ а р ы о қ у

орнының атауы _____

Төмендегі кестені толтырғанда кестеде көрсетілген уақыт аралықтары мен өлшем бірліктерінің сәйкес болуына назар аудару керек

Профессор-оқытушылар құрамы
(қоса атқарушыларсыз)

2000 жылдың 1 маусымына
2001 жылдың 1 маусымына

-
- | | |
|----|---|
| 1. | Ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар тұлғалар,
а д а м |
| 2. | Профессор ғылыми атағы бар (1-тармақты
есептемегенде) тұлғалар, адам |
| 3. | 50 жасқа дейінгі ғылым докторлары және
профессор ғылыми атағы бар тұлғалар, адам |
| 4. | Ғылым кандидаты ғылыми дәрежелі және
доцент ғылыми атағы бар (1-3-тармақтарды
есептемегенде) тұлғалар, адам |
| 5. | Оның ішінде 35 жасқа дейінгілер, адам |
| 6. | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының мүшелері, адам |
| 7. | Оқытушылардың жалпы саны, адам |
-

Е с к е р т у л е р :

1. 3-тармақта бір тұлғаның өзі бір рет қана есептеледі.
2. 3-4-тармақтарда Қазақстан жоғары аттестаттау комиссиясының немесе бұрынғы КСРО жоғары аттестаттау комиссиясының берген ғылым докторы және кандидаты ғылыми дәрежелері профессор және доцент ғылыми атақтары ғана ескеріледі.

Қоса атқарушы профессор-оқытушылар құрамы (жоғары оқу орны ішіндегі қоса атқарушыларды есептемегенде)	2000 жылғы 1 маусымда	2001 жылғы 1 маусымға
---	-----------------------------	-----------------------------

- | | |
|-----|--|
| 8. | Докторлық ғылыми дәрежесі бар тұлғалар, (адам) |
| 9. | Профессор ғылыми атағы бар тұлғалар (10
тармақты есептемегенде), адам |
| 10. | Ұлттық ғылым академиясы мүшелерінің саны |
| 11. | Оқытушылардың жалпы саны, адам |
-

Е с к е р т у :

8 және 9-тармақтарда Қазақстан жоғары аттестаттау комиссиясының немесе бұрынғы КСРО жоғары аттестаттау комиссиясының берген және тағайындаған ғылым докторы дәрежесі мен профессор атағы ескеріледі.

Студенттер, аспиранттар және тыңдаушылар	2000	2001
--	------	------

жылдың 1 жылдың 1
маусымына маусымына

12.	Күндізгі оқыту нысанында оқитын студенттердің (20-тармақ ескерілмейді) саны,	а	д	а	м
13.	Оның ішінде мемлекеттік тілде оқитындардың саны,	с	а	н	ы
14.	Сырттай оқыту нысанында оқитын студенттердің саны,	а	д	а	м
15.	Оның ішінде мемлекеттік тілде оқитындардың саны,	с	а	н	ы
16.	Күндізгі оқыту нысанында оқитын аспиранттардың саны,	а	д	а	м
17.	Сырттай оқыту нысанында оқитын аспиранттардың саны,	а	д	а	м
18.	Ғылым кандидаты дәрежесіне ізденушілер, саны,	а	д	а	м
19.	Аға ғылыми қызметкер дәрежесіне ауыстырылған докторанттар мен оқытушылардың саны,	а	д	а	м
20.	Жоғары оқу орнында оқып жатқан шет елдік азаматтардың саны,	а	д	а	м
21.	Жоғары оқу орнында келісім-шарт негізінде оқып жатқан шетелдік азаматтардың саны,	а	д	а	м
22.	Кәсіптік қайта даярлаудан өткен немесе біліктілігін арттырған тыңдаушылардың саны,	а	д	а	м
23.	Есеп беру жылында шетелдерде іссапарда жүрген аспиранттардың саны,	а	д	а	м

Ескерту: 16 және 17 тармақтарда шетелдік аспиранттар да қоса есептеледі.

Кәсіптік білім беру бағдарламалары

2000

2001

жылдың 1 жылдың 1
маусымына маусымына

24. Мамандар даярлау жүзеге асырылып жатқан кәсіптік жоғары білім мамандықтары, бірлік
25. Мамандарды қайта даярлау немесе біліктілігін арттыру ісі жүзеге асырылып жатқан кәсіптік жоғары білім мамандықтары, бірлік
26. Докторанттар, аспиранттар және басқа да ізденушілердің жүргізіп жатқан ғылыми жұмыстары бойынша ғылыми дәреже берілетін мамандықтардың саны, бірлік

Студенттер білімінің деңгейі	1999	2000
	жылдың 1	жылдың 1
	қыркүйегіне	қыркүйегіне

27. 1-курсқа қабылданған студенттердің қабылдау емтихандарындағы орташа баллы, б і р л і к
28. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклі бойынша жақсы және өте жақсы бағалардың п а й ы з ы
29. Жалпы жаратылыс тану пәндері циклі бойынша жақсы және өте жақсы бағалардың п а й ы з ы
30. Жалпы кәсіптік пәндер циклі бойынша жақсы және өте жақсы бағалардың пайызы
31. Арнайы пәндер циклі бойынша жақсы және өте жақсы бағалардың пайызы

Түлектердің деңгейі	1999 жыл	2000 жыл
	ү ш і н	ү ш і н

32. Бітіру мемлекеттік емтихандарының жақсы және өте жақсы бағаларының пайызы, %
33. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы "жақсы" және "өте жақсы" деп бағаланған дипломдық жұмыстар мен жобалардың пайызы, %
34. Жұмыспен қамтамасыз ету кепілдендірілген

күндізгі бөлім түлектерінің пайызы, %

Жоғары оқу орнының диссертациялық кеңестерінің жұмысы	1999 жыл үшін	2000 жыл үшін
---	---------------	---------------

- | | | |
|-----|---|--|
| 35. | Диссертациялық кеңестердің саны | |
| 36. | Кеңестердің бір жылда қараған ғылым докторы ғылыми атағына ізденушілердің диссертациясының саны, бірлік | |
| 37. | Аспирантура бітіргеннен кейін бір жылда диссертация қорғаған аспиранттардың саны | |
| 38. | Кеңестерде бір жылда қаралған ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ізденушілердің диссертацияларының саны | |
-

Ғылыми жұмыстарды қаржыландырудың көлемі	1999 жыл үшін	2000 жыл үшін
--	---------------	---------------

- | | | |
|-----|---|--|
| 39. | Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу жұмыстарын бюджет және гранттардың есебінен қаржыландырудың жалпы көлемі, мың теңге | |
| 40. | Шаруашылық шарт жұмыстарын қаржыландырудың көлемі, мың теңге | |
-

Баспа қызметі	1999 жылға	2000 жылға
---------------	------------	------------

- | | | |
|-----|---|--|
| 41. | Шетелдерде басылған монографиялар, оқулықтар және оқу құралдарының саны, бірлік | |
| 42. | Қазақстанда шығарылған монографиялар, бірлік | |
| 43. | Оның ішінде мемлекеттік тілде шығарылғаны, бірлік | |
| 44. | Қазақстанда шығарылған оқулықтар, бірлік | |
| 45. | Оның ішінде мемлекеттік тілде шығарылғаны, бірлік | |
| 46. | Қазақстанда шығарылған оқу құралдары, бірлік | |

47. Оның ішінде мемлекеттік тілде шығарылғаны,
б і р л і к
48. Шетелдердің ғылыми баспаларында жарық
көрген ғылыми мақалалардың саны, бірлік
49. Республикалық басылымдарда жарық көрген
ғылыми мақалалардың саны, бірлік
50. Оның ішінде мемлекеттік тілде шығарылғаны,
б і р л і к

Бюджеттен бөлінген және негізгі қорлар	1999	2000
	ж ы л ғ а	ж ы л ғ а

51. Бюджеттен бөлінген сома (39-тармақты
есептемегенде, мың теңге
52. Машиналар және оқу-тәжірибе базаларды қоса
есептегендегі негізгі қордың жалпы құны, мың
т е ң г е
53. Оқу-лаборатория базаларының жалпы алаңы,
ш а р ш ы м е т р
54. Оның ішінде жалға алынған алаң, мың шаршы
м е т р
55. Жоғары оқу орнындағы жеке компьютерлердің
ж а л п ы с а н ы , б і р л і к
56. Оның ішінде "Pentium-1" және одан жоғары
к л а с т ы , б і р л і к
57. "Internet" жүйесіне қосылған компьютерлердің
ж а л п ы с а н ы , б і р л і к
58. Жоғары оқу орнының кітапхана қорын сақтау
бірлігінің жалпы саны, мың
59. Электрондық және магниттік
тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік әдебиеті
бірлігінің жалпы саны, бірлік

Ақша қаражатын беру	1999	2000
	ж ы л ғ а	ж ы л ғ а

60. Заңды және жеке тұлғалардан есеп жылында

- жоғары оқу орнына аударылған қаражат (41-42, 49, 59, 60 тармақтарды есептемегенде
61. Оның ішінде мамандар даярлауға, мың теңге
62. Ғылыми жұмыстардың жетістіктерін өндіріске практикалық енгізуден түскен қаражат, мың т е ң г е
63. Жоғары оқу орнының есеп беріліп отырған жылғы шетел азаматтарын даярлаудан алған қ а р а ж а т ы м ы ң т е ң г е

Ескерту: 39-63 тармақтар бойынша мәліметтер келер жылдың 1 қаңтарына келтіріледі.

	Жатақхана, асхана, профилактория, спорттық құрылғылар	2000 жылдың 1 маусымына	2001 жылдың 1 маусымына
64.	Қалалық емес студенттердің жатақханамен қамтамасыз етілуі, пайыз		
65.	Қоғамдық тамақтандыру кәсіп орындарында қамтамасыз етуі (нормаға шаққанда пайыз бен, норма 1000 студентке 200 орыннан), %		
66.	Санаторилар-профилакториялардағы орындардың саны, бірлік		
67.	Жабық спорттық құрылғылардың жалпы пайдалы алаңы (спорт лагерлеріндегі жабық құрылғылар қоса есептегенде, шаршы метр		
68.	Аурухана төсектері және тіс емдеу креслолары (медициналық жоғары оқу орындары және факультеттер үшін), бірлік		

Е с к е р т у :

1. Жоғары оқу орнының құрамдас бөлігі болып табылатын лицей, колледждер тізбеде есептелмейді.

2. Шығармашылық жоғары оқу орындары және өз құрамдарында өнер факультеттері бар жоғары оқу орындары үшін "Қазақстан Республикасының халық әртісі", "Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген кайраткер", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі", "КСРО халық әртісі", "Қазақстан Республикасының халық суретшісі"

және т.б. құрметті атақтар 2, 4, 9-тармақтарда қосымша көрсетіледі.

3. Шетелде және Қазақстанда көрсетілген шығармашылық жұмыстар қосымша 41 және 42-тармақтарда көрсетіледі.

Жоғарыда келтірілген ақпараттардың дұрыстығын растаймын _____

(қолы, тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 23 шілдедегі N 602 бұйрығымен бекітілген

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ ЖӘНЕ ТҮРІ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК АККРЕДИТАЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН
КӨРСЕТКІШТЕРДІ
БАҒАЛАУ ТІЗБЕСІ МЕН ӨЛШЕМДЕРІ**

№	Көрсеткіштердің атаулары	Универси. тет	Акаде. мия	Инсти. тут
1	2	3	4	5
*	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша іске асырылатын (кәсіптік жоғары білім мамандықтары) білім беру бағдарламаларының	12 және одан көп	3 және одан көп	6 және одан көп
2*	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша жалпы санына шаққандағы штаттағы оқытушылар санының	Ең кемі 60%	Ең кемі 50%	Ең кемі 40%
3*	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша штаттағы оқытушылардың санына шаққандағы ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылардың (Қазақстанның ЖАК немесе бұрынғы КСРО-ның ЖАК берген немесе берілген) мөлшері	35%-тен	30%-тен	25%-тен
4*	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша толық оқу цикліне, студенттердің келтіріл. басылым.	140 басылым.	120 басылым.	100 басыл.

	ген құрамының бір білім алушысына келетін оқу, оқу әдістемелік, ғылыми әдебиеттері қорының болуы	нан кем емес	нан кем емес	ымнан көп емес
5*	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша келтірілген құрамының бір студентіне келетін оқу-тәжірибе базасының жалпы (шаршы м.) алаңы	9,0	8,0	7,0
6**	Аккредитациялаудан бұрынғы жылдардағы жағдайы бойынша соңғы екі жылғы келтірілген құрамының бір студентіне келетін бір оқытушы профессорлар құрамының ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың (мың теңге) жалпы көлемі	6,0	4,0	2,0
7**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша келтірілген құрамының бір студентіне келетін негізгі қордың (мың теңге) жалпы қ ұ н ы	50,0	40,0	30,0
8**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша ғылыми қызметкерлердің даярлығы жүргізіліп жатқан (ғылыми дәреже берілетін мамандықтар) ғылым салаларының саны	6-дан көп	1-2	1-2
9**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша келтірілген құрамының 100 студентіне келетін докторлар мен докторлық қорғайтын ізденушілердің саны	0,2	0,1	0,05
10**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша келтірілген құрамының 100 студентіне келетін аспиранттар мен ғылым кандидаттары дәрежесіне ізденушілердің саны	3	2	1
11**	Аккредитациялаудан бұрынғы жылдардағы жағдайы бойынша соңғы екі жылғы оқытушы профессорлар құрамының 100 адамына шаққандағы аспирантураны бітіргеннен кейінгі бір жылдың ішінде диссертация қорғаған аспиранттардың қатынасы	0,4	0,2	0,1
12**	Аккредитациялаудан бұрынғы жылдардағы жағдайы бойынша соңғы екі жылғы ОПҚ-ның 100 адамына шаққандағы Қазақстан баспаларынан грифпен шыққан монографиялар,	5,0	3,0	1,5

13**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша оқытушы профессорлар құрамындағы ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы бар жас (35 жасты қоса есептегенде) оқытушылардың пайызы	15	10	5
14**	Аккредитациялаудан бұрынғы жылдардағы жағдайы бойынша соңғы екі жылғы бойынша оқытушы профессорлар құрамының 100 адамына шаққандағы шет ел баспаларындағы шығарылған басылымдардың саны	6	4	2
15**	Аккредитациялаудан бұрынғы жылдардағы жағдайы бойынша соңғы екі жылғы бойынша оқытушы профессорлар құрамындағы 100 адамына шаққандағы Қазақстан ЖАК-ның тізіміне кірген республикалық баспа. лардағы шығарылған басылымдардың саны	30	20	10
16**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша келтірілген құрамның 100 студентіне келетін Pentium класты жеке компьютер. л е р д і ң с а н ы	5,0	4,0	3,0
17**	Аккредитациялау жылындағы жағдайы бойынша келтірілген құрамның 100 студентіне келетін ИНТЕРНЕТ жүйесіне қосылған компьютерлердің саны	2,0	1,0	1,0
18**	Аккредитация жылындағы жағдай бойынша бірінші курсқа түскен студенттердің қабылдау емтихандарындағы орташа ұпайы	60	55	45
19**	Мемлекеттік біліктілік комиссиясының "жақсы" және "өте жақсы" бағаланған дипломдық жұмыстар мен жобалардың пайызы	50	40	30

Е с к е р т у :

- * - мемлекеттік аккредитация үшін міндетті көрсеткіштер
- ** - осыдан 8 тармақтың орындалуы мемлекеттік аккредитациялау үшін жеткілікті көрсеткіштер.

